

Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 мамырдағы № 10 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 мамырда № 8418-11 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының төрағасы

Г. Сопбеков

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2023 жылғы 18 мамырдағы
№ 10 шешіміне қосымша

Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,612
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,346
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,959
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,19
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,284
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,980

7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,787
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,214
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,776
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,127
11.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,07
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,022
13.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,57
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,334
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,492
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,202
17.	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,308
18.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,171
19.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	1,152
20.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,06
21.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,249
22.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,158
23.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,409

24.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,743
25.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,964
26.	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	10,731

Аббревиатураның толық жазылуы:

АЖС – автожанармай құю станциялары;

м2 – шаршы метр;

м3 – текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ